



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 10 мамырдағы
№ ДС-151 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты ұлттық тәжірибе мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, қоғамның сұраныстары негізінде үнемі жетілдіріліп отырады.

Сыбайлас жемқорлық көріністері жоғары құрылыс, білім беру, денсаулық сақтау және кеден ісі салаларында Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 ақпандағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен қылмыстардың алдын алу жөніндегі жұмысты күшейту туралы кеңес қорытындысы бойынша тапсырмасына сәйкес бейінді министрліктер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен (*бұдан әрі – Агенттік*) келісе отырып 2022 – 2024 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі негіздегі іс-қимыл бойынша кешенді жоспар бекітті.

Аталған кешенді жоспар бойынша қабылданған шаралардың нәтижелері жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның отырыстарында қаралады.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты жою жүйесін қайта жаңғырту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен 2022 – 2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тұжырымдамасы (*бұдан әрі – Тұжырымдама*) бекітілді, оның негізгі ережелері сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрестен оның алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананың түбегейлі өзгертуге көшуге бағытталған.

Ағымдағы жылдың 3 қаңтарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жаңа құралдарын енгізуге бағытталған бірқатар түзетулер қабылданды.

Негізгі новеллалардың бірі – мемлекеттік қызметшілер мен шенеуніктердің негізсіз байығаны үшін жауапкершілігін енгізу. Фискалдық және мансаптық санкциялар декларацияларды салыстыру қорытындылары бойынша шенеуніктің шығыстары оның кірістеріне сәйкес келмеген жағдайда пайда болады (*новелланы енгізу мерзімі – 2027 жыл, халықты жалпыға бірдей декларациялаумен толық көлемде қамтуды ескере отырып*).

Түзетулер арқылы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесі де күшейтілді. Жаңа заңнамалық нормалар осы санаттағы адамдардың еңбек құқықтарын қорғау кепілдіктерін және өтініш беруші туралы және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көрсеткен жәрдемі туралы құпия ақпаратты жария еткені үшін қылмыстық жауаптылықты көздейді.

Тұжырымдама мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаты болып табылатынын ескере отырып, оның іске асырылу барысы туралы есеп жыл сайын 1 мамырға дейін Агенттіктің сайтында жарияланады және мемлекеттік және стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға жіберіледі.

Бұл ретте стратегиялық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын 1 тамызға дейінгі мерзімде өзінің ресми интернет-ресурсында тұжырымдамаларды іске асыру туралы тиісті есепті түсініктемелермен бірге орналастырады.

Бұдан басқа, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 17-бабына сәйкес Агенттік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама жасайды, онда халықаралық және ұлттық деңгейлерде сыбайлас жемқорлықтың жай-күйі мен таралу үрдістерін талдау мен бағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру, іске асыру және жетілдіру жөніндегі ұсыныстар қамтылады.

Мемлекет басшысы Ұлттық баяндаманы қарағаннан кейін Агенттік оны бір ай мерзімде республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды және интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етеді.

Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша стратегиялық құжаттардың орындалуы туралы ақпарат ашық көздерде орналастырылады және көпшілікке қолжетімді болып табылады.

Сонымен қатар жоғарыда аталған бағдарламалық құжаттарды іске асыру бойынша жауапты мемлекеттік органдардың есептерін тыңдауды «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға және Парламент Мәжілісінің регламентіне сәйкес жүзеге асыру ұсынылады.

Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл мәселелері уәкілетті орган мен Үкіметтің бақылауында.

Ә. Смайылов



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан**

На № ДС-151
от 10 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос по вопросам противодействия коррупции, сообщаю следующее.

Антикоррупционная политика Казахстана постоянно совершенствуется исходя из запросов общества, с учетом национальной практики и передового зарубежного опыта.

В сферах строительства, образования, здравоохранения и таможенного дела, как наиболее подверженных коррупции, в соответствии с поручением Главы государства по итогам совещания по вопросам усиления работы по предупреждению коррупционных рисков и преступлений от 1 февраля 2022 года, профильными министерствами по согласованию с Агентством по противодействию коррупции (*далее – Агентство*) разработан Комплексный план по противодействию коррупции на системной основе на 2022 – 2024 годы.

Результаты реализации указанного Комплексного плана ежегодно рассматриваются на заседаниях Комиссии при Президенте Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции.

Также в целях перезагрузки системы искоренения коррупции Указом Президента Республики Казахстан от 2 февраля 2022 года № 802 утверждена Концепция антикоррупционной политики на 2022 – 2026 годы (*далее – Концепция*), основные положения которой нацелены на переход от борьбы с последствиями к системному устранению предпосылок коррупции, обеспечению неотвратимости ответственности, коренному изменению общественного сознания.

В целях дальнейшего совершенствования антикоррупционного законодательства 3 января текущего года принят ряд поправок, направленных на введение новых инструментов превенции коррупции.

Одной из ключевых новелл является введение ответственности государственных служащих и должностных лиц за необоснованное обогащение. Фискальные и карьерные санкции будут наступать в случае несоответствия расходов чиновника его доходам по итогам сопоставления деклараций *(срок введения новеллы – 2027 год с учетом полномасштабного охвата населения всеобщим декларированием)*.

Поправками также усилена система защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции. Новые законодательные нормы предусматривают гарантии защиты трудовых прав данной категории лиц и уголовную ответственность за разглашение конфиденциальной информации о заявителе и оказанном им содействии в противодействии коррупции.

Учитывая, что Концепция является документом Системы государственного планирования, отчет о ходе ее реализации ежегодно до 1 мая публикуется на сайте Агентства и направляется в уполномоченные органы по государственному и стратегическому планированию.

При этом уполномоченный орган по стратегическому планированию ежегодно в срок до 1 августа размещает на своем официальном интернет-ресурсе соответствующий отчет о реализации Концепции с комментариями.

Также в рамках Закона «О противодействии коррупции» Агентством совместно с заинтересованными госорганами ежегодно формируется Национальный доклад о противодействии коррупции – документ, содержащий анализ и оценку состояния и тенденции распространения коррупции на международном и национальном уровнях, предложения по формированию, реализации и совершенствованию антикоррупционной политики.

После рассмотрения Национального доклада Главой государства Агентством в месячный срок обеспечиваются его опубликование в республиканских средствах массовой информации и размещение на интернет-ресурсе.

Таким образом, информация об исполнении стратегических документов по вопросам противодействия коррупции является общедоступной.

Вместе с тем заслушивание отчетов ответственных государственных органов по реализации вышеназванных программных документов предлагается осуществлять в соответствии с Конституционным законом «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» и Регламентом Мажилиса Парламента.

В целом вопросы противодействия коррупции находятся на контроле уполномоченного органа и Правительства.

А. Смаилов